

Сабақтың тақырыбы :

Амалдардың орындалу тәртібі

Сабақтың мақсаты :

Амалдардың орындалу тәртібін біледі;
Жақшалы өрнектерде алдымен жақшаның ішін орындайды;
Жақшасыз өрнектерде алдымен көбейту мен бөлуді орындайды;
Амалдардың компоненттерін атайды ;
Мысалдарды салыстырады.

Ұйымдастыру кезеңі

Психологиялық дайындық

Қуанайық достарым,
Арайлап атқан әр күнге!
Оқып, білім аламыз,
Біздер зерек баламыз.
Математика пәнінде
Тапқыр, алғыр боламыз.

Ой қозғау?


- Математикада неше амал бар?
 - Өрнектердің мәнін табуда, мысалдар құрастыруда, есептер шығаруда қандай амалдар қолданамыз?
 - Көбейтудің компоненттерін атап бер?
 - Бөлудің компоненттерін атап бер?
 - Көбейтудің қандай қасиеттерін білесің?
- Мысал келтір.
Оқушылардың дұрыс жауаптарын мадақтау.

Суреттер («+», «-», «.», «: ») амалдарының таңбалары қиындылары арқылы сынып оқушылары топқа топтастырылады және жаңа тақырыптың оқу мақсатымен таныстырылады.

- қолымызда қандай суреттер пайда болды?

-бұл суреттерде не бейнеленген?

Олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары қандай?



АКТ мүмкіндіктерін пайдалану арқылы амалдарға байланысты видео көрсетіледі.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем

-Олай болса күн қандай болады?

-Жылы

-Көктемде қандай өзгерістер болады?

-Құстар ұшып келеді.

-Қандай құстар?

-Тырна, қарлығаш, көгершін, қаз, үйрек, аққу, шағала т.б

-Ендеше осы құстар өздерімен бірге бізге бірнеше тапсырмалар ала келіпті. Олай болса барлығымыз топпен ұйымдасып құстарды жақсы қарсы алып тапсырмаларын орындайық!

Бұтақтарға қондырайық!

Тырнаның тапсырмасы № 1 .

1 мысал

Есіңе түсір! Жақшалы өрнектерде алдымен жақшаға алынған амал орындалады.

Өрнектердегі амалдардың орындалу ретін айтып бер:

$$\text{«Қосу» тобы- } (40 + 70) - 50 = 110 - 50 = 60$$

$$\text{«Азайту» тобы- } 300 + (100 - 20) = 380$$

$$\text{«Көбейту» тобы – } 100 - (30 + 60) = 100 - 90 = 10$$

$$\text{«Бөлу» тобы – } 400 - (100 + 50) = 400 - 150 = 250$$

Есіңе сақта! Жақшасыз өрнектерде алдымен көбейту мен бөлу амалдары, ал одан кейін қосу мен азайту амалдары жазылу ретімен солдан оңға қарай орнындалады.

Жеке жұмыс

Үйректің тапсырмасы

№2

2 мысал. Өрнектердегі амалдардың орындалу ретін айтып бер:

«Қосу» тобы- $9-4*2=1$ $7*(1+2)=21$

«Азайту» тобы- $6+18:6=9$ $(6+18) :3=8$

«Көбейту» тобы – $15: 3 +2=7$ $(6+4)*2=5$

«Бөлу» тобы - $5*3-4=11$ $8: (3+1) = 2$

Топтық жұмыс

Қаздың тапсырмасы №3

3 мысал. Әр бағандағы мысалдарды салыстыр: а) ә)

«Қосу» тобы- $3*2=6$ $3*2+3=9$ $3*3=9$ $3*3+3=12$

«Азайту» тобы- $3*4=12$ $3*4+3=15$ $9*3=27$ $9*3-3=24$

«Көбейту» тобы - $8*3=24$ $8*3-3=21$ $7*3=21$ $7*3-3=18$

«Бөлу» тобы - $3*5=15$ $3*5+3=18$ $3*6=18$ $3*6+3=21$

Сергіту сәті. (Қызықты қимыл қозғалыстары)

Қарлығаштың тапсырмасы №4

Топтық жұмыс

4 есеп

Отырғызылды-40 көшет

Шырша -12

Қайың-10

Терек-?

Шешуі: $40-(12+10)=18$

Жауабы: Алаңға 18 терек көшеті отырғызылды.

Көгершіннің тапсырмасы №5

5 мысал

Теңдеулерді шеш:

«Қосу» тобы $c+7=16$

«Азайту» тобы $15-c=8$

«Көбейту» тобы $x-4=9$

«Бөлу» тобы $12-x=7$

Аққудың тапсырмасы №6

6 мысал Теңдіктердіктер тура болатындай етіп,
жақшалар қой: Мысалы: $(10-2) : 2=4$

«Қосу» тобы

$$(8+20): 4=7$$

$$(80-40):10=4$$

«Азайту» тобы

$$4+(6*3)=22$$

$$12: (3+3)=2$$

«Көбейту» тобы

$$(17-2):3=5$$

$$(20-4):4=4$$

«Бөлу» тобы

$$4*(2+3)=20$$

$$(10:10)+4=5$$

Шағаланың тапсырмасы №7

$$4 \text{ м } 3 \text{ дм} = 43 \text{ дм} \quad 2 \text{ мин } 1 \text{ с} = 121 \text{ с}$$

$$9 \text{ м } 60 \text{ см} = 960 \text{ см}$$

$$5 \text{ дм } 1 \text{ см} = 51 \text{ см}$$

$$1 \text{ тәул } 6 \text{ сағ} = 30 \text{ сағ}$$

$$1 \text{ сағ } 30 \text{ мин} = 90 \text{ мин}$$

$$4 \text{ дм } 7 \text{ см} = 47 \text{ см}$$

$$2 \text{ сағ } 60 \text{ мин} = 180 \text{ мин}$$



Шығармашылық есеп

1) Мен бір сан ойладым. Сол санды 3-ке көбейтіп, нәтижеге 2-ні қостым. Қосындыны 2-ге бөлгенде 7 саны шықты. Мен қандай сан ойладым?

$$4*3+2:2=7$$

Топтардың өзара формативті бағалауы жүзеге асырылады.

Кері байланыс орнату.

1) Топта жұмыс істеу ұнады ма?

2) Өзге топтың бағалау нәтижелерімен келісесіздер ме?

Неліктен?

«2 жұлдыз - 1 ұсыныс» арқылы бағалау.





Рефлексия: Шолиер табақшалары

(білу, түсіну, қолдану)

Үйге тапсырма. Кел, ойнайық! «Сөз құрастыр».

The background of the image is a warm, golden-yellow gradient with a soft bokeh effect. It is decorated with numerous autumn leaves in shades of yellow, orange, and light brown, some of which are attached to thin, dark brown branches. The overall atmosphere is bright and celebratory.

**КӨҢІЛ БӨЛІП
ТЫҢДАҒАҢДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ !**